ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7-қараша Іс №1513-23-00-2/2614 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.Абдуалиева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы (Aktobe medical center)» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Макпал Койшыбаевна Оспанова «Айдын Строй»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор З.Тулебаева
талап қоюшының өкілі А.Амангельдина

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 18 тамызында №149-76 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 75 488 теңгеге жазғы екі дана шина тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылдың 4 қыркүйекте төленген.

Өтінім жауапкерге 2023 жылдың 18 тамызында жіберілді.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2023 жылдың 4 қыркүйекке дейін болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1 434 теңге өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Қазіргі уақытта 2023 жылдың 21 қыркүйектен бастап тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Құжатқа қол қойылған: Каштуганова Б. А., 08.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Каштуганова Б. А., 14.12.2023
1513-23-3-1/2984

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 3-21 қыркүйек аралығында 1 434 теңге көлеміндегі (75 488 теңге х 0,1% х 19 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс емес деп санайды, себебі міндеттеменің орындалу мерзімінің соңғы күні 2023 жылғы 4 қыркүйек болып табылады (2-3 қыркүйек демалыс күндері).

Демек, тұрақсыздық айыбы 2023 жылдың 5 қыркүйектен бастап есептелуі қажет,және ол 1 283 теңгені құрайды (75 488 теңге х 0,1% х 17 күн).

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандыруға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Каztуганова Б. А., 08.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Каztуганова Б. А., 14.12.2023
1513-23-3-1/2984

АПК-нің 109, 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы (Aktobe medical center)» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Макпал Койшыбаевна Оспанованы «Айдын Строй» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Макпал Койшыбаевна Оспановадан «Айдын Строй» Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы (Aktobe medical center)» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 1 283 (бір мың екі жүз сексен үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 38 (отыз сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Макпал Койшыбаевна Оспановадан «Айдын Строй» жергілікті бюджет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қою қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 08.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Казтуганова Б. А., 14.12.2023